

Федоров ауданы Вишневый ауылдық округінің Вишневый ауылының құрамдас бөліктерін қайта атау туралы

Қостанай облысы Федоров ауданы Вишневый ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 8 ақпандағы № 2 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 27 ақпанда № 7554 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы 4) тармақшасына сәйкес, Федоров ауданы Вишневый ауылдық округі халқының пікірін ескере отырып, облыстық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 4 желтоқсандағы қорытындысы негізінде Вишневый ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Вишневый ауылында қайта аталсын:
Свердлов көшесі Нұрлы жол көшесіне;
Ленин көшесі Достық көшесіне.
2. "Федоров ауданы Вишневый ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі:
 - 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
 - 2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;
 - 3) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Федоров ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А. Андреев